

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 148 "Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін жалдау төлемінің есептік ставкаларын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 61 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 наурызда № 4234 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 12.01.2016 № 5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру Қағидаларының 50-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 148 "Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін жалдау төлемінің есептік ставкаларын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3918 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2014 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістермен толықтыру енгізілсін:

қаулының атауында және бұдан әрі барлық мәтіні бойынша "Ақтөбе облысының коммуналдық мүлкін" деген сөздер "облыстың коммуналдық мүлкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "әкімінің" деген сөзден кейін "бірінші" деген сөзбен толықтырылсын;

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қағидаларда:

2-тармақтың 5-азат жолында "Ақтөбе облысы бойынша" деген сөздер "облыстың коммуналдық мүлкі үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

орысша мәтіндегі 3-тармақтағы кестенің 6-жолының 3-азат жолындағы "(ауыл)" деген сөз алынып тасталсын.

2. "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруды қамтамасыз

етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жариаланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК